«ONE САҚТАНДЫРУ БРОКЕРІ» ЖШС
БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУІ ТУРАЛЫ
ЖАРИЯ ОФЕРТА

1. Жалпы ережелер

Осы «One сақтандыру брокері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 251240035032, сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыруға арналған 10.04.2026 жылғы № 2.3.6 лицензия, бұдан әрі – Сақтандыру брокері) брокерлік қызметтер көрсету туралы жария офертасы (бұдан әрі – Шарт) осы Шартқа қосылу арқылы брокерлік қызметтер алатын тұлға (бұдан әрі – Клиент) мен Сақтандыру брокері арасындағы құқықтық қатынастардың талаптарын айқындайды.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Сақтандыру – сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру шартында айқындалған өзге де оқиға басталған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешені.

2.2. Міндетті сақтандыру – заңнамалық актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын сақтандыру.

2.3. Ерікті сақтандыру – тараптардың ерік білдіруіне сәйкес жүзеге асырылатын сақтандыру. Ерікті сақтандырудың түрлері, талаптары мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады.

2.4. Сақтандыру брокері – сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандырушыға сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының атынан өкілдік ететін немесе Клиенттің тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі брокерлік қызметті өз атынан жүзеге асыратын заңды тұлға.

2.5. Сақтандырушы (Сақтандыру компаниясы, Сақтандыру ұйымы) – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

2.6. Сақтанушы – сақтандыру шартын жасасқан тұлға (әдетте, Клиент Сақтанушы болып табылады).

2.7. Пайда алушы – Клиент тиісті Сақтандыру шартында көрсеткен, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру компаниясы (сақтандырушы) оның пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін тұлға.

2.8. Сақтандыру шарты – сақтандыру брокері ресімдеген, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келетін сақтандыру слипі мен сақтандыру ковернотының жиынтығы.

2.9. Сақтандыру коверноты – сақтандыру брокері сақтандыру слипін тәуекел үлесіне (сақтандыру сомасының бөлігіне) және сақтандырушы сақтандыруға қабылдаған сақтандыру талаптарына қатысты қабылдау фактісін растау үшін ресімдейтін құжат. Осы құжатта Сақтандыру брокері тәуекелдерді онда көрсетілген талаптар бойынша орналастыруды растайтын тиісті белгі қояды.

2.10. Сақтандыру слипі – сақтандыру брокері ресімдейтін және әлеуетті сақтандырушыға белгілі бір құжатта көрсетілген сақтандыру талаптарында тәуекел үлесін (сақтандыру сомасының бөлігін) сақтандыруға қабылдау туралы ұсынысы бар

оферта ретінде жіберілетін құжат, онда әрбір сақтандырушы акцепт жасаған жағдайда тәуекелдерді қабылдағанын растайтын тиісті белгі қояды.

2.11. Сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушыға, пайда алушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндеттенетін ақша сомасы.

2.12. Сақтандыру жағдайы – басталған кезде сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға.

2.13. Сақтандыру төлемі (Сақтандыру өтемақысы) – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде немесе жинақтаушы сақтандыру шартында айқындалған мерзім басталған кезде төлейтін ақша сомасы.

2.14. Сақтандырумен қамту – сақтандыру шартында көзделген сақтандыру оқиғасы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәуекелдерінің, мерзімдері мен талаптарының тізбесі.

2.15. Сақтандыру талаптары (қағидалары) – сақтандыру компаниясы (Сақтандырушы) шығаратын, тәуекелдерді сақтандыру жүзеге асырылатын қағидалар айқындалған құжат.

Осы Шартта анықтамалары мен мәндері көзделмеген терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында осы терминдер үшін көзделген анықтама мен мәнге сәйкес түсіндіріледі.

3. Шарттың мәні

3.1. Осы Шарт бойынша Сақтандыру брокері мынадай Қызмет түрлерін көрсетеді:

3.1.1. сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызмет (сақтандыру түрлері, сақтандыру тарифтері, қабылданатын сақтандыру тәуекелдері, сақтанушыға ұсынылатын қосымша қызметтер спектрі, сондай-ақ сақтанушыға қажетті өзге де мәліметтер);

3.1.2. жеке және (немесе) заңды тұлғаларға сақтандыру ұйымдары туралы ақпарат ұсыну;

3.1.3. сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметтері мен қаржылық жай-күйіне салыстырмалы талдау жүргізу;

3.1.4. сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды дайындау және (немесе) ресімдеу, сақтандыру мәселелері бойынша ақпарат жинау;

3.1.5. сақтандыру шарттарын жасасуға (ресімдеуге) жәрдемдесу жөніндегі қызмет;

3.1.6. Сақтандыру брокері қызметтерін көрсету шеңберінде жасалған сақтандыру шарттарын бұзу процесін сүйемелдеу (кеңес беру);

3.1.7. кейіннен тиісті сақтандыру ұйымдарына аудару үшін Сақтандыру шарттары бойынша Клиенттен сақтандыру сыйлықақыларын жинау;

3.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде және негіздер бойынша сақтандыру шарттарын мерзімінен бұрын бұзған кезде Клиентке сақтандыру сыйлықақыларын қайтаруға жәрдемдесу;

3.1.9. сақтандыру шартын жасасуға байланысты құжаттардың дұрыс және уақтылы ресімделуін қамтамасыз ету;

3.1.10. сақтандыру жағдайларын реттеу және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының, пайда алушының сақтандыру төлемін алуы мәселелері бойынша,

оның ішінде дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу (сақтандыру омбудсманына жүгіну) мәселесі бойынша консультациялар жүргізу.

3.2. Осы Шарттың талаптарын Клиент акцепт жасауға бағытталған конклюденттік әрекеттер жасау арқылы осы Шартқа тұтастай қосылудан басқа жолмен қабылдай алмайды, содан кейін осы Шарт жасалған болып есептеледі, бұл Клиенттің оның барлық талаптарын қандай да бір алып тастауларсыз және шектеулерсіз толық әрі сөзсіз қабылдайтынын растайды.

3.3. Клиенттің осы Шарттың талаптарын акцептеуі, қай оқиға бұрын басталғанына байланысты, Клиенттің сақтандыру сыйлықақысын / Сақтандыру брокерінің комиссиялық сыйақысын төлеу сәті болып есептеледі.

3.4. Осы Шарт бойынша Сақтандыру брокері Сақтандыру брокерінің атынан әрекет ететін және Сақтандыру брокерімен жасалған қызмет көрсету шарттары негізінде әрекет ететін үшінші тұлғаларды тарта отырып, Клиенттерге қызмет көрсетуге құқылы. Бұл ретте Сақтандыру брокері өзі тартқан үшінші тұлғалардың әрекеттері үшін Клиент алдында толық жауапты болады.

3.5. Сақтандыру брокері маркетингтік іс-шаралар өткізуге, Клиенттен брокерлік (комиссиялық) сыйақы үшін қосымша ақы алмай және мұндай шарттар бойынша Клиенттен сақтандыру сыйлықақыларын алмай, Клиентке Клиентке қатысты ерікті сақтандыру шарттары түрінде сыйлықтар жасауға құқылы. Клиент өз кезегінде осы Шартқа қосыла отырып, өзіне қатысты ерікті сақтандыру шартын жасасуға келісім береді және сақтандырылған тұлғалардан шарт жасасуға (дербес деректерді жинауға және өңдеуге және т.б.) келісімнің болуын қамтамасыз етуге кепілдік береді. Маркетингтік іс-шараларды өткізу талаптары Сақтандыру брокерінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Маркетингтік іс-шаралар Сақтандыру брокері көрсететін қызметтердің сату деңгейі мен клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған, өзінің қызметін ілгерілетуге, сату деңгейін арттыруға, сондай-ақ Клиентке қосымша сақтандыру қызметтерін пайдалану мүмкіндігін беруге бағытталған жарнамалық ынталандыру іс-шарасы болып табылады.

Көрсетілген ерікті сақтандыру шарты бойынша Клиентке қатысты сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке табыс салығы салынуға жататын Клиенттің табысы деп танылған жағдайда, Брокер салық агенті ретінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке табыс салығының тиісті сомасын есептейді, ұстап қалады және бюджетке аударады.

Клиент өз пайдасына жасалған ерікті сақтандыру шарты бойынша Брокердің сақтандыру сыйлықақысын төлеуіне байланысты туындайтын табыс туралы мәліметтер, сондай-ақ есептелген және төленген жеке табыс салығы туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Брокер тарапынан салық есептілігінде көрсетілуі және мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін екендігі туралы хабардар етілген және бұған келіседі.

3.6. Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент өзінің дербес деректерін жинауға, сақтауға, өңдеуге, қажет болған жағдайда беруге (оның ішінде трансшекаралық беруге) сөзсіз келісімін береді.

3.7. Клиенттердің дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау процесінде Сақтандыру брокері дербес деректерді оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан, таратудан, сондай-ақ дербес деректерге қатысты өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті және жеткілікті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

3.8. Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент Сақтандыру брокеріне сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын кейіннен сақтандыру ұйымдарына аудару үшін жинауды жүзеге асыру құқығын тапсырады және оған келісім береді.

3.9. Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент Сақтандыру брокеріне өзінің Сақтандыру брокерімен іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланбайтынына және бұдан әрі пайдаланбайтынына кепілдіктері мен растауларын береді.

3.10. Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент Сақтандыру брокерінен және осы Шарттың орындалуына қатысатын оның серіктестерінен SMS-хабарламалар мен өзге де хабарламаларды, жарнамалық-ойын-сауық сипатындағы қоңырауларды, хабарландыруларды, жаңалықтарды, еске салуларды және т.б. алуға келісім береді.

3.11. Клиент Сақтандыру брокерінің интернет-ресурсындағы жеке кабинетке қолжетімділікті үшінші тұлғаларға берудің салдарын түсінеді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Сақтандыру брокері міндетті:

4.1.1. осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және сапалы орындауға;

4.1.2. сақтандыру сыйлықақыларының сомалары Сақтандыру брокерінің банктік шотына түскен кезде Сақтандыру брокері оларды дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандырушының банктік шотына аударуға міндетті;

4.1.3. Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, сақтанушы үшін неғұрлым тиімді талаптарда сақтандыру шартын жасасуды Клиентке ұсынуға.

Осы Шарттың 4.1.3-тармақшасында көрсетілген міндетті орындауды Сақтандыру брокері сақтандыру ұйымдарынан алынған ақпарат, технологиялық интеграция мүмкіндігі болған жағдайда қамтамасыз етеді. Сақтандыру ұйымдары Сақтандыру брокерінің өтініштеріне жауап бермеген немесе Сақтандыру брокеріне қажетті ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда / сақтандыру ұйымдарының жүйелері Сақтандыру брокерінің жүйесімен интеграцияланбаған жағдайда, 4.1.3-тармақшада көрсетілген міндет қолда бар мәліметтер / интеграция шегінде орындалады.

4.2. Сақтандыру брокерінің құқығы бар:

4.2.1. Клиенттен қабылданатын және/немесе берілетін тәуекелдер туралы барлық қажетті ақпаратты/құжаттарды, сондай-ақ Шартты орындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді сұратуға және алуға;

4.2.2. осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Шартты бұзуға;

4.2.3. Клиенттен сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын кейіннен Клиенттің атынан сақтандырушыға аудару үшін жинауды жүзеге асыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тексеру үшін Клиенттен кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңында көзделген жағдайларда себептерін түсіндірместен және хабарлама жіберместен, Клиенттің нұсқауын орындаудан біржақты бас тарту арқылы онымен іскерлік қатынастарды біржақты тәртіппен тоқтатуға.

4.3. Клиент міндетті:

4.3.1. осы Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда сақтандыру сыйлықақысын және брокерлік (комиссиялық) сыйақыны төлеуге;

4.3.2. Сақтандыру брокеріне Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 832-бабында көзделген тәртіппен және талаптарда сұратылған барлық ақпаратты, мәліметтерді уақтылы ұсынуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес осы Шарт бойынша қызметтерді тиісінше және толық көрсетуге жәрдемдесуге;

4.3.3. Сақтандыру брокеріне осы Шарт бойынша Қызметтерді тиісінше және толық көрсетуі үшін барлық қажетті ресми өкілеттіктер беруге;

4.3.4. Сақтандыру брокеріне ұсынылған барлық мәліметтердің (ақпараттың) дұрыстығына, толықтығына және уақтылы берілуіне толық жауапты болуға.

4.4. Клиенттің құқығы бар:

4.4.1. Сақтандыру брокерінен осы Шарт талаптарын тиісінше және толық орындауды талап етуге;

4.4.2. осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Шартты бұзуға.

Тараптардың өзге де құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

5. Тараптардың өзара есеп айырысу тәртібі

5.1. Брокерлік (комиссиялық) сыйақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.

5.2. Қызметтерге ақы төлеуді Клиент электрондық төлем құралдары арқылы, оның ішінде қашықтан ұсынылған шот бойынша төлеу немесе эквайринг арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.

5.3. Төлемді жүзеге асыру үшін Клиентке төлем нысаны, төлем сілтемесі ұсынылады не төлем жасауға арналған деректемелер өзге тәсілмен жіберіледі. Төлем Клиентке қолжетімді қолма-қол ақшасыз төлем жасау тәсілін пайдалана отырып жүргізіледі.

5.4. Төлем жасалған сәт деп тиісті төлем жүйесі төлемнің сәтті жүргізілгенін растаған сәт есептеледі.

5.5. Брокерлік (комиссиялық) сыйақы мөлшерін Сақтандыру брокері кәсіби пайымдауы негізінде, Сақтандыру брокері қызметтер көрсету шеңберінде жасалатын сақтандыру шартының түрін, сақтандыру шартын сүйемелдеудің күрделілік деңгейін, Сақтандыру брокерінің сақтандыру шартын сүйемелдеуге жұмсайтын шығыстарын және өзге де факторларды ескере отырып, дербес айқындайды.

5.6. Брокерлік сыйақы мөлшерін Брокердің уәкілетті тұлғасы не ішкі алгоритмдер негізінде Сақтандыру брокерінің ақпараттық жүйесі автоматты түрде белгілейді.

5.7. Сақтандыру брокері брокерлік сыйақы мөлшерін айқындау кезінде сараланған тәсілді қолданады.

5.8. Брокерлік сыйақы мөлшері критерийлер жиынтығына байланысты бір түрдегі сақтандыру шарттары үшін әртүрлі болуы мүмкін.

5.9. Сақтандыру брокері нарық конъюнктурасының өзгеруіне, сақтандыру шарттарының тиісті түрі бойынша сақтандыру талаптарына, ішкі бизнес-процестерге, маркетингтік және бизнес-саясатқа, сондай-ақ заңнама талаптарын ескере отырып, өзге де факторларға байланысты брокерлік (комиссиялық) сыйақыны есептеу критерийлерін, алгоритмдерін және мөлшерін өзгертуге құқылы.

5.10. Брокерлік сыйақы мөлшері тіркелген болып табылмайды және әрбір сақтандыру шарты немесе сақтандыру шарттарының тобы бойынша жеке айқындалады.

5.11. Брокерлік сыйақы мөлшерін айқындау кезінде Сақтандыру брокері мынадай критерийлердің біреуін, бірнешеуін не жиынтығын ескеруге құқылы:

5.11.1. сақтандыру өнімінің түрі;
5.11.2. сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;
5.11.3. сақтандыру мерзімі;
5.11.4. сақтанушының бонус-малус сыныбы;
5.11.5. көлік құралын басқаруға жіберілген адамдардың жасы;
5.11.6. жүргізушілік өтілі;
5.11.7. көлік құралының тіркелген өңірі;
5.11.8. көлік құралының санаты мен сипаттамалары;
5.11.9. клиентті тарту құны;
5.11.10. сату арнасы;
5.11.11. төлем сервистерінің, фискализацияның және интеграциялардың құны;
5.11.12. сақтандыру шартын сүйемелдеуге жұмсалатын шығындар;
5.11.13. Сақтандыру брокерінің есебінен Клиентке қосымша сервистердің немесе сақтандыру өнімдерінің ұсынылуы;
5.11.14. маркетингтік бағдарламалар мен әріптестік келісімдер;
5.11.15. брокерлік қызметтердің құнына әсер ететін өзге де мән-жайлар.

5.12. Критерийлердің ешқайсысы әрбір нақты жағдайда міндетті түрде қолданылуға жатпайды. Сақтандыру брокері бір, бірнеше немесе барлық критерийді бір мезгілде ескеруге құқылы.

5.13. Брокерлік сыйақы мөлшері сақтандыру шартын жасасқанға дейін айқындалады және бұл туралы Клиентке дереу хабарланады.

5.14. Клиенттің сақтандыру сыйлықақысын және Сақтандыру брокеріне сыйақыны төлеуі тиісті сақтандыру шартын жасасқанға дейін жүзеге асырылады.

5.15. Сақтандыру брокерінің брокерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін оған төленетін кез келген сыйақыны, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тек сақтанушы төлеуге тиіс.

5.16. Брокерлік (комиссиялық) сыйақы осы Шартта және/немесе Сақтандыру брокерінің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қайтарылуға жатпайды.

5.17. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын немесе оның бір бөлігін қайтаруды сақтандырушы сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде жүзеге асырады. Брокерлік қызметтер көрсетуге тиісті өтінім болған кезде Сақтандыру брокері тиісті ақыға Клиентке сақтандыру шартын бұзуға жәрдемдеседі, алайда сақтандырушы қайтаруға тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін дербес айқындамайды.

5.18. Сақтандыру брокері қызметтер көрсету нәтижесінде жасалған сақтандыру шарты оның күшіне енген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде мерзімінен бұрын бұзылған және Клиент сақтандыру шартының бұзылғанын растайтын дәлелдерді ұсынған жағдайда, Сақтандыру брокері брокерлік (комиссиялық) сыйақыны қайтару туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте Сақтандыру брокері мен Клиент арасында Шарт жасасу кезінде брокерлік (комиссиялық) сыйақыны қабылдау үшін пайдаланылған төлем шлюзінің қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалған Сақтандыру брокерінің шығыстары төлем сомасының (брокерлік (комиссиялық) сыйақы мөлшерінің) 3%-ы мөлшерінде шегеріледі.

5.19. Брокерлік (комиссиялық) сыйақыны қайтару (ішінара қайтару) немесе қайтарудан (ішінара қайтарудан) бас тарту туралы шешімді Сақтандыру брокерінің қабылдауы үшін Клиент өз қолымен қол қойған өтініштің скан-көшірмесін

info@onebroker.kz электрондық поштасы арқылы немесе WhatsApp мессенджерінде +7 701 770 0300 нөміріне жібереді.

6. Құпиялылық

6.1. Тараптар осы Шарт шеңберінде бір-бірінен алған және өздері құпия деп айқындаған ақпаратты қатаң құпия сақтауға, оны жария етпеуге, үшінші тұлғаларға бермеуге және екінші Тараптың алдын ала келісімінсіз жеке мақсаттарда пайдаланбауға міндеттенеді, бұған мынадай жағдайлар кірмейді: Сақтандыру брокерінің сақтандыру шартын жасасу үшін ақпаратты әлеуетті сақтандырушыларға беруі; осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайлар.

6.2. Осы Шарттың 6.1-тармағының талаптарын сақтамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады және құпия ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарапқа келтірілген нақты және құжатпен расталған залалды өтеуге міндетті.

6.3. Осы Шартқа енгізілмеген құпиялылықтың өзге де талаптары Сақтандыру брокерінің ішкі құжаттарымен айқындалады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Сақтандыру брокері Клиент алдында Шарт бойынша қызметтерді көрсетпегені немесе тиісінше көрсетпегені үшін Сақтандыру брокерінің тікелей кінәсі болған жағдайда, Клиентке қызметтердің көрсетілмеуіне немесе тиісінше көрсетілмеуіне байланысты келтірілген нақты және құжатпен расталған залал мөлшерінде жауапты болады.

7.3. Егер мұндай бұзушылықтар Брокердің кінәсінен болмаған жағдайда, Сақтандыру брокері Клиенттің сақтандыру компаниясына сақтандыру сыйлықақыларын аудармағаны немесе уақтылы аудармағаны үшін жауапты болмайды.

8. Форс-мажорлық мән-жайлар

8.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған, алдын ала болжануы немесе алдын алынуы мүмкін болмаған және Тараптардың ешқайсысы өз күш-жігерімен ықпал ете алмаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) салдары болып табылса, Тараптар өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Форс-мажорлық мән-жайларға: әскери іс-қимылдар, жер сілкіністері, дауылдар, су тасқындары, басқа да апаттар мен табиғи зілзалалар, мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері, ереуілдер және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс өзге де оқиғалар жатады.

8.3. Тараптардың немқұрайлылығы немесе қасақана әрекеттері салдарынан туындаған оқиғалар форс-мажорлық мән-жайлар деп танылмайды.

8.4. Егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың кез келгені осы Шартта белгіленген мерзімде міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер етсе, орындау мерзімі тиісті мән-жайдың әрекет ету кезеңіне ұзартылады.

8.5. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған Тарап бұл туралы екінші Тарапқа олар туындаған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде

хабарлауға міндетті. Мұндай хабарламаның ұсынылмауы Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын немесе тиісінше орындамағанын негіздеу кезінде форс-мажорға сілтеме жасау құқығынан айырады.

8.6. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда Тараптар осы Шарттың одан әрі құқықтық тағдырын бірлесіп айқындауға құқылы.

9. Өзге де талаптар

9.1. Осы Шарт Клиент оны акцептеген күннен бастап күшіне енеді және Сақтандыру брокері қызметтер көрсету кезінде жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қолданылады.

9.2. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда Тараптар тарапынан мерзімінен бұрын бұзылды деп танылады.

9.3. Тараптар осы Шарт бойынша олардың арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді мүмкіндігінше келіссөздер жүргізу арқылы шешуге міндеттенеді.

9.4. Келіссөздер арқылы реттелмеген және осы Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге жатады.

9.5. Тараптардың келісуі бойынша Сақтандыру брокерінің Интернет-ресурсы арқылы, мессенджерлерде немесе электрондық пошта арқылы жіберілген барлық құжаттардың заңды күші бар.

9.6. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерімен реттеледі.